


# 17-тарау.

## Мемлекеттік кредит



### Мемлекеттің кредиттің мәні мен функциялары

Мемлекеттік кредит экономикалық категория ретінде азаматтар мен шаруашылық субъектілерінің уақытша бос қаражаттарын пайдалану үшін ерікті негізде тартумен байланысты пайда болған ақшалай қатынастар жүйесін көрсетеді.

Мемлекеттік кредит – бұл бір жағынан мемлекеттің оның билік органдары тұлғасында және келесі жағынан заңды және жеке тұлғалармен экономикалық қатынастарының жиынтығы, онда мемлекет қарыз алушы, кредитор және кепілгер ретінде қатысады. Қарыз алушы ретінде мемлекет мемлекеттік облигацияларды шығара отырып үлкен үлесті алады.

Кредитор ретінде, бюджеттен заңды және жеке тұлғаларға ссуда бере отырып мемлекет өзін кіші көлемде көрсетеді.

Егер де мемлекет өзіне қарыз алушы үшін заемдарды өтеуге немесе басқалай қаржылық міндеттемелерді орындауға жауапкершілікті алса, онда ол өзін кепілгер ретінде көрсетеді. Сонымен қатар экономикалық субъектілердің міндеттемелерін кепілдендірілген төлеу орталықтандырылған ақшалай қорларының көлемін, яғни олардың ұлғаюы мен азаюына әкелмейді, өйткені қарыз алушылардың негізгі массасы өз міндеттемелерімен өздері есептеседі. Бірақ кепілдендірілген міндеттемелерді атқару орталықтандырылған ақшалай қорлар шығысына әкелетін, сенімсіз қарыз алушылар да бар.

Мемлекеттік кредит орталықтандырылған ақшалай қорларға – мемлекеттік бюджет пен бюджеттен тыс қорларды қалыптастыруға да және оны пайдалануға да қызмет көрсетеді.

Егер де салықтар немесе жарналар, төлеушілерден мемлекеттік бюджетке немесе бюджеттен тыс қорларға қарай, бір бағытта қозғалса (кері қозғалыс қате аударылған сома немесе артық төлем жасалғанда ғана мүмкін), онда мемлекеттік кредит жағдайында кері ағын міндетті несиені белгілі мерзімде пайызбен қайтаруда, яғни ол қайтарымдылық, төлемділік және мерзімділік принциптері негізінде әрекет етеді. Сонымен қатар қамтамасыздық ретінде барлық мемлекеттік мүлік қатысады.

Мемлекеттік бюджетті немесе бюджеттен тыс қорларды толықтыру үшін халықтың қаражаттарын тарта отырып, мемлекет үнемі нысаналы бағыттылықты анықтай алмайды, ал ең төменгі деңгейде, ол анық сипатталған және анықталған, мысалы, жаңа жолдарды құру немесе жөндеу, тұрғын үй массиві құрылысы.

Қаржылық категория ретінде мемлекеттік кредит келесі функцияларды орындайды:

1. Бөлу. Оның көмегімен мемлекеттік бюджет немесе бюджеттен тыс қорлар мерзімділік, төлемділік және қайтарымдылық принциптері негізінде қалыптасады. Халықтан ақшаны қарызға ала отырып мемлекет өз шығыстары үшін қосымша көзді табады, өйткені салықтық түсімдердің өсу қарқыны әрдайым мемлекеттік шығыстардың өсу қарқынынан төмен болады.

Бұрын шығарылған заемдарды өтеу үшін жаңа мемлекеттік заемдарды орналастыру мемлекеттік заемды қайта қаржыландыру деп аталады. Инвестор үшін мемлекеттік заемның кірістілігі жоғары болған сайын, мемлекет салықтардың үлкен бөлігін өтеуге бағыттауға мәжбүр болады.

2. Реттеуші. Несие қатынасына түсе отырып, мемлекет ақша массасына, ақша және капитал нарығында пайыз ставкасы деңгейіне, өндіріс пен жұмыспен қамтуға әсер етеді. Экономиканы реттеу құралы ретінде мемлекеттік кредитті пайдалана отырып, мемлекет қайсыбір қаржы саясатын жүргізеді. Мемлекет заемдарды инвесторлардың әртүрлі топтары арасында орналастыра отырып, ақша айналысын реттейді. Өз елінің халқы арасында орналастыра отырып, ол басқа тауарлар мен қызметтерге төлем қабілетті сұранысты төмендетеді. Сонымен қатар өндірістік сфе-

раны қаржыландыру айналыстағы нақты ақша массасын азайтады, ал өндірістік емес сфераны қаржыландыру - өзгертпейді, бірақ төлем қабілетті сұраныс құрылымы өзгеруі мүмкін.

Банк өтімділігі мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып сатып алу, сағу бойынша ҰБ операциялары жолымен реттеледі. Қаржы нарығында қарыз алушы ретінде қатыса отырып, мемлекет қарыз қаражаттарына сұранысты ұлғайтады және оларға несие бойынша пайызды көтереді. Бұл несиеге сұрныстың, өндірістік сфераға инвестицияның, елдегі экономикалық өсу қарқынының төмендеуіне, мемлекеттік бағалы қағаздар мен басқалай заңды тұлғалардың бағалы қағаздарына деген сұраныстың өсуіне, яғни елдегі жалған капиталдық өсуіне әкеледі.

Егер де мемлекет ұлттық өндіріс тауарларына деген сұранысты заем ретінде шетелден алынған қаражат есебінен ұсынса, сонымен қатар кредитор немесе кепілгер ретінде қатысса, онда бұл экономикаға оң әсер етеді, өйткені өндірістің дамуы, елде экономикалық өсу, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуін, халықтың әл-ауқатының өсуін қамтамасыз етеді.

3. Мемлекеттік кредиттің бақылау функциясы қаржының бақылау функциясының құрамдас бөлігі. Ол мемлекеттік органдардың несие алған немесе мемлекеттік кепілдігімен келіс жасаған экономикалық субъектілерге бақылауынан көрінеді.

Көптеген мемлекеттерде бюджет тапшылығының болуына байланысты олар қарыз алушы ретінде қатысуға мәжбүр, ол кредитке пайыздық ставканың жоғарғы деңгейін шарттастырылған фактор бар деген сөз.

Мемлекеттердің қаражаттардың маңызды бөлігі мемлекеттік қарызға қызмет етуге кетеді. Осыған байланысты бюджет тапшылығы мен мемлекеттік қарыздың қысқаруы ел үкіметінің өзекті тапсырмасы болып табылады.

Мемлекеттік несиеді басқаруға болады. Мемлекеттік кредитті басқаруды мемлекеттің оның қарыз алушы, кредитор және кепілгерлік облысындағы функциялары обылысындағы қаржы саясатының бір бағытын қалыптастыру ретінде түсінуге болады. Мемлекеттік органдар бюджет тапшылығының жалпы көлемін

және оны жабуда керекті заемдар көлемін, ақша массасына, несиеге, ұлттық өндіріс көлемі мен еңбекпен қамту көлеміне әсер ету жолдарын, кәсіпкерлердің жекелеген топтарына қаржылық қолдау көрсетудің қажеттілігін анықтайды.

Мемлекеттік кредитті басқару деп мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында, мемлекеттік қарызға қызмет көрсету мен оны өтеуге, мемлекеттің қарыз міндеттемелерін шығару мен орналастыруға дайындаумен байланысты мемлекеттің іс-әрекеті түсініледі. Сонымен қатар келесі тапсырмалар шешілуі керек:

- қарызды ең төменгі деңгейге жеткізу;
- айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар санын азайту және олардың бағамының ауытқуын төмендету;
- қарыз қаражаттарын тиімді пайдалану;
- берілген кредиттерді пайдалануға бақылау;
- берілген кредиттер мен алынған заемдарды уақтылы қайтаруды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік кредитті басқару субъектілері болып ҚР Қаржы министрлігі мен ҚР ҰБ табылады.

Осылайша, мемлекеттік кредит экономикалық категория ретінде ақша қатынасының екі түрі – қаржылар мен кредиттің қиылысуында пайда болады. Оның көмегімен мемлекет орталықтандырылған ақшалай қорларды қалыптастырады және оны пайдаланады. Ол ерікті, қайтарымды, төлемді және мерзімді сипатта болады. Жинақталған қаражаттар бюджет тапшылығын өтеуге бағытталады. Ол бөлу, реттеу, бақылау функцияларын орындайды. Бұл мемлекеттік қарыздың құрылуына әкеледі, ол күрделі және ағымды, республикалық немесе жергілікті органдардың қарызы болуы мүмкін.

Мемлекеттің қарыз алушы, кредитор және кепілгер ретінде рөлін қарастырайық.

**Мемлекет қарыз алушы ретінде.** ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес заем келісім шарты бойынша бір тарап келесісінің меншігіне құнды береді, ал қарыз алушы оны пайдаланғаны үшін пайызбен қайтаруды міндеттенеді.

Мемлекеттік қарыз алушы ретінде белсенді болған сайын оның қаржысының жағдайы қорқыныш туғызады. Заемдар көлемі үлкен болған сайын бюджет тапшылықты болады. ЖІӨ-дегі мемлекеттік қарыз үлесі жоғары болған сайын мемлекеттік қаржының дағдарыс белгісі нақты көрінеді.

Мемлекеттік ішкі қарыз деп ҚР Үкіметінің заңды және жеке тұлғалар алдындағы қарыз міндеттемелері, сонымен қатар жергілікті билік органдарының қарызы түсініледі.

ҚР мемлекеттік қарызын қамтамасыздандыруға үкіметтің иелігіндегі барлық активтер қызмет етеді. Қарыз міндеттемелері Үкімет алған несие немесе Үкіметпен кепілдендірілген қарыз міндеттемелері ныснында болады.

Мемлекеттің ішкі қарызы өткен жылдар қарызы мен қайтадан пайда болған қарыздардан тұрады.

Мемлекеттік заемдарды бірқатар белгілер бойынша жіктеуге болады:

Заемдық қатынастар субъектілері бойынша:

- орталық органдармен орналастырылатын заемдар;
- жергілікті органдармен орналастыратын заемдар.

Орналастыру орны бойынша:

- ішкі;
- сыртқы.

Ішкі заемдар бойынша кредиторлар болып осы мемлекеттің резиденттері болып табылатын заңды және жеке тұлғалар қатысады. Заемдар ұлттық валютада беріледі. Мемлекеттік бағалы қағаздар әйгілі жоғарғы кірісті болады, ал оларды сатудан түскен қаражаттар ағымды шығындарды қаржыландыруға және мемлекеттік қарызға қызмет етуге жұмсалады.

Сыртқы заемдар шетелдік қор нарықтарында басқа мемлекеттердің валюталарында орналастырылады. Қазақстан ел ішінде де, халықаралық нарықта да ірі қарыз алушы болып табылады.

Нарықтарға айналыс бойынша:

- нарықтық;
- нарықтық емес;

Нарықтық заемдар еркін сатылады және еркін сатып алынады. Бюджеттік жетіспеушілікті қаржыландаруда олар негізгі болып табылады. Нарықтық емес заемдар бағалы қағаздар нарығында сатылмайды және айналмайды. Олар мемлекеттің зейнетақы қорлары, сақтандыру компаниялары қатынасында қолданылады.

Қаражаттарды тарту мерзіміне тәуелділігіне байланысты:

- қысқа мерзімді (1 жылға дейін);
- орта мерзімді (1 – 5 жылға дейін);
- ұзақ мерзімді (5 жылдан аса).

Қысқа мерзімді заемдар қазынашылық немесе муниципалдық векселдер немесе ноталар нысанында шығарылады және ағымды шығындарды жабу үшін пайдаланылады.

Қарыз міндеттемелерінің қамсыздандырылуы бойынша:

- кепілхатты;
- кепілхатсыз.

Кепілхатты облигациялар мемлекеттің белгілі мүлкі нысанындағы нақты кепілзатпен қамтамасыз етіледі. Бірақ орталық органдар үшін ең типті факт болып кепілхатсыз облигацияларды шығару табылады. Кепілхатсыз облигацияны қамтамасыз ету – мемлекеттің республикалық және жергілікті деңгейдегі барлық мүлкі. Бұл облигациялар жоғарғы сенімділікке ие.

Төленетін кіріс деңгейі бойынша:

- ұтысты;
- пайызды;
- нольдік купонды.

Ұтысты облигациялар бойынша кірісті төлеу ұтыс тиражы негізінде жүзеге асырылады. Оларға деген сұраныс төмен, өйткені кірісті кездейсоқ аз ғана тұлғалар алады. Ұзақ мерзімді ұтысты облигациялар үлкен сұранысқа ие, өйткені олар бойынша кіріс жыл сайын, жарты жыл сайын немесе тоқсан сайын купонды пайдалана отырып тұрақты түрде төленеді.

Қысқа мерзімді қаржы құралдары купондарға ие емес, олар номиналдан жеңілдікпен сатылады, ол номинал бойынша өтеледі. Бірқатар ұзақ мерзімді облигациялар да купондарға ие емес және олар бойынша кіріс мерзім соңында негізгі қарыз сомасымен бірге төленеді. Олар нольдік купонды облигациялар деп аталады.

Кірісті анықтау әдісі бойынша қарыз міндеттемелері келесілердей болады:

- тұрлаулы кіріспен;
- құбылмалы кіріспен.

Құбылмалы кірісті облигациялар кеңінен қарастырылған, өйткені пайыздық ставканы көтеру мүмкіншілігі бар. Бюджет тапшылығын жабу үшін 30 жылға дейін жоғарғы пайыздық ставканы белгілей алады, ал бұл салық төлеушіге ауыртпалық болып түседі. Үкімет үшін сонымен қатар құбылмалы ставка немесе әртүрлі әдістердің үйлесімділігі қолайлы болып табылады.

Қарыз алушының заемды шығару кезінде белгіленген өтеу мерзімін қатаң сақтау міндеттемесінен тәуелділігіне байланысты:

- мерзімінен бұрын өтеу құқығымен;
- мерзімінен бұрын өтеу құқығынсыз.

Егер де қарыз алушы жыл сайынғы тіркелген кіріс 10% болатын облигация шығарса, ал ставка төмендесе және 5% - ды құраса, қарыз алушы ұтыс алады, өйткені ол пайыз сомасын екі есе аз төлеу керек болады, ал облигацияны сатып алған инвестор кірісті екі есе аз алатындықтан маңызды шығынға ұшырайды. Егер де заем мерзімінен бұрын өтелетін болса, инвестор өз шығынын азайта алады.

Заемдарды өтеу әдісі бойынша:

- бір жолғы;
- бөлшекті (тең, өсетін, төмендейтін).

Мемлекеттік несиенің тағы екінші нысаны да бар – халық салымдарының бір бөлігін мемлекеттік заемдарға айналдыру. Бұл жағдайда жеке және заңды тұлғалар бағалы қағаздарды сатып алмайды. Ал жинақтаушы мекемелер мемлекетке халықтың салымдары есебінен олардың иелерін хабарынсыз кредит береді. Бұл жағдайда жинақтаушы мекемелер мемлекеттің облигацияларын немесе қазынашалақ міндеттемелерін сатып алады.

Мемлекеттік кредиттің үшінші нысаны келесі белгілерге ие: мемлекеттің несиелік мекемелері бағалы қағаздарды сатып алушы несиелік ресурстарын үкімет шығыстарын жабу үшін береді. Бұл нысан қолайсыз және мемлекеттік қаржы мен ақша айналысы жағдайына

негативті әсер етеді, үкіметтің мемлекеттік бюджет кірістерінің қалыптастыруының табиғи көздерін нығайту және дамытуды ынталандырмайды.

Заннама негізінде атқарушы билік органдары басқа бюджеттерден несиелік алуға немесе инвестициялық мақсаттарға заемдар шығаруға құқылы. Сонымен қатар шығыстарда осындай заемдардың үлесі де белгіленеді.

**Мемлекет кредитор ретінде.** Мемлекет кәсіпорындар мен ұйымдарға бюджеттік қаражаттар есебінен мерзімділік, төлемділік және қайтарымдылық шартында қаржылық көмек көрсете алады. Бұл банктік емес несиелеу, ол банктік жағдайлардан ерекше шарттарда жүзеге асырылады, яғни мерзімді және пайыз нормасы бойынша жеңілдікпен, коммерциялық мақсаты жоқ, маңызды экономикалық құрылымды ұстау құралы ретінде қызмет етеді.


Республикалық бюджеттің қарыз алушылар ретінде қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдар – заңды тұлғалар мен жергілікті атқарушы билік органдары қатысады. Ссудалар нысаналы сипатта болады және жаңа жобаларды іске асыруға немесе салалардың құрылымдық қайта құрумен байланысты, өндірісті қайта құруға жаңа техника мен технологияларды ендіруге беріледі. Бұндай ссудаларды пайдалануды бақылауды Қазынашылық бақылау–тексеру басқармасы және жергілікті атқарушы органдар іске асырады.

Сыртқы ссудалар – бұл ҚР шетелдік мемлекеттердің, олардың заңды тұлғаларына және халықаралық ұйымдарға беретін кредиттері, соңғыларында ҚР алдында кредитор ретінде қаржылық міндеттемелері пайда болады. Қазіргі кезде ауыр қаржылық жағдай ҚР әлемдік нарықта белсенді кредитор ретінде қатысуға мүмкіндік береді.

**Мемлекет кепілгер ретінде** жекелеген жағдайларда үкімет өз елінің шаруашылық субъектісінің басқа елдің несиелік желісі бойынша алынған заемдарды сөзсіз өтеу мен олар бойынша пайыздарды төлеуге кепілдік береді.

ҚР кепілгер ретінде қызметі кеңеюде. Мемлекет жинақтаушы банктеріндегі халықтың салымдарын кепілдендіріледі. Сонымен

қатар азаматтардың кепілдендірілген жинақтарының бағалылығы деп жинақтау уақытына салынған ақшалай қаражаттардың сатып алушылық қабілеті танылады. Мемлекеттік кепілдіктер кіші кәсіпкерлікті қолдау Департаменті арқылы ашық несие желілері бойынша шетелдік көздерден несие алған кіші кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған. Мемлекет атынан кепілгер ретінде Қаржы министрлігі қатысады.



### Мемлекеттік қарыз

Мемлекеттің өзінің қаржы саясатында несиеге негізінде қаражаттарды тартуды пайдалануы мемлекеттік қарыздың қалыптасуына және оларды басқарудың нақты жүйесінің қажеттілігіне әкеледі.

Мемлекеттік қарыз – бұл мемлекеттің кредиторларға қарыз сомасы. Қарыздардың келесі түрлерін ерекшелейді:

- ағымды қарыз – ағымды жылғы қарыз бен барлық заемдар бойынша пайздарын төлеу сомасы;
- күрделі қарыз – қарыздың барлық кезеңінде төлемдер мен заемдар бойынша пайздардың барлық сомасы;
- ішкі қарыз – ел ішіндегі кредиторларға қарызы;
- сыртқы қарыз – ел сыртындағы кредиторларға қарызы.

Мемлекеттік қарызды басқару мемлекеттің төлем қабілеттілігін қамтамасыз етуде, яғни қарыздарды ағымды жылы өтеу мүмкіншілігі мен қарызды өтеудің қолайлы мерзімін белгілеу.

Ішкі заемдар бойынша төлемге қабілеттілік ішкі көздер есебінен, ал сыртқы заемдар бойынша валюталық түсімдер есебінен жүзеге асырылады. Егер де мемлекеттің төлем қабілеттілігі жеткіліксіз болса қарыз саясатының келесі түзету әдістері қолданылады:

- мемлекеттік қарызды конверсиялау – заемдардың кірістілігін өзгерту;
- шоғырландыру – бұрын шығарылған заемдар бойынша міндеттемелерді жаңа заемға ауыстыру немесе оның

мерзімін қысқарту, ол заем мерзімін өткен заем облигацияларына ауыстыру мақсатында жүргізіледі;

- сәйкестендіру – бірнеше заемдарды біреуге біріктіру;
- өткен заемдар облигацияларын мемлекеттік қарыздарды қысқарту мақсатында жаңасына регрессивті ара-қатынас бойынша айырбастау. Бұл мемлекеттің өз қарыздарынан бас тартуы;
- өтеуді кейінге қалдыру – қарызды төлеу мерзімін ауыстыру;
- қарыздардың күшін жою – қарыздардан толығымен бас тарту.

Мемлекеттік қарыз жағдайы мен мөлшері туралы мәліметтер жыл сайын ҚР ҚМ жарияланады. Мемлекеттік қарызды басқару ҚР ҚМ жүктелген. Заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік меншік ішкі мемлекеттік қарыздың кепілзаты болады.

Қарызға қызмет көрсету бұл мемлекеттің заемдарды өтеу, олар бойынша пайыздарды төлеу және шығарылған заемдарды өтеу шартын өзгерту бойынша шаралар кешені. Заемдарды өтеу бюджеттік қаражаттар есебінен жүзеге асырылады немесе қайта қаржыландыру жүзеге асырылады – қарызды жаңа заемдарды шығару жолымен өтеу.

Заемдарды өтеуге пайыздарды және қаражаттарға ұтыстарды төлеу мемлекеттік қарызға қызмет көрсету шығындарының негізгі бөлігін құрайды. Басқалай шығындарға мемлекеттің бағалы қағаздарын пайдалану, салып жіберу және өткізу, ұтыс тираждарын жүргізу, тираждарды өтеу бойынша және басқалай шығындар жатады.

Мемлекеттік қарызды көбінесе ЖІӨ-ге пайыздық қатынаста көрсетеді және осы көрсеткішпен әртүрлі елдер салыстырылады. Әртүрлі елдерде мемлекеттік қарыз әртүрлі қарқынмен өседі. Ең ауыры қысқа мерзімді қарыздар болып табылады. Егер де мемлекет үмітсіз борышкер болса, оған шетелдік қаржы ресурстарына қол жеткізуге шектеу қояды. Сыртқы мемлекеттік қарызды төлеудің дәстүрлі жолы болып алтын валюта резерві есебінен төлеу есептеледі.

Егер де халықаралық қаржы ұйымынан көмек сұраса және жеңілдетілген несие алуға құқығы болса, онда олар өз заемдарын бюджет тапшылығының ең төменгі деңгейіне жету мақсатында мемлекеттік экономикалық саясатқа (эмиссиалық, несие) қатаң талаптармен шарттастырады.

2008 жылдың 30 шілдесіне ҚР сырты қарызы - 100,6 млрд. долларды құрады. Оның құрылымы төмендегідей: Үкімет қарызы – 1,5 млрд. долл., ҚР ҰБ қарызы – 0,03 млрд. долл., екінші деңгейлі банктер қарызы – 45,1 млрд. долл., фирмалар мен үй шаруашылығының қарыздары – 54 млрд. доллар. Негізгі кредиторлар – халықаралық қаржы ұйымдары, шетелдік банктер Қазақстанның еврооблигацияларын ұстаушы болып табылатын және басқалай инвесторлар. Қазақстан үшін негізгі кредитор елдер болып Нидерланды (қарыздың 51 %) және Англия (15 %) табылады.

Резидент еместер алдындағы қарыздардың маңызды көлемі мұнай газ салалары, көлік пен байланыс, сауда кәсіпорындарында байқалады. Тікелей инвесторлар алдындағы қарызы – 19,1 %; шетелдегі еншілес компаниялар алдындағы қарызы – 4,5 % құрады; жалпы қарыздың 37% шетелдік компания филиалдарының өзінің шет елдегі басты ұйымдарына қарыздарын құрайды.

Елдің сыртқы активі сыртқы қарыздан аз болды және Қазақстанның таза қарызы 19,8 % млрд. долларды құрады, ал үкімет пен ҚР ҰБ қарызы бойынша сыртқы активтер қарыздардан 39,5 млрд. долларға асып түсті, Қазақстанның шаруашылық секторы таза кредитор болды. Қалған секторлар таза борышкерлер: банктердің таза қарызы – 23,6 млрд. доллар; басқа секторлардың таза қарызы – 35,7 млрд. доллар.



### Бақылау сұрақтары:

1. Мемлекеттік кредитке экономикалық категория ретінде сипаттама беріңіз.
2. Мемлекеттік кредит функцияларын атаңыз және оларға сипаттама беріңіз.
3. Мемлекеттік кредитті басқару субъектілерін атаңыз.
4. Мемлекеттік ішкі қарыздың сыртқы қарыздан айырмашылығы неде, оларды құру және өтеу шарттары қандай?
5. Мемлекеттік қарызды өтеу әдістері қандай?
6. Мемлекеттік заемдардың жіктелімін келтіріңіз.
7. Мемлекет өзін кредитор ретінде қалай көрсетеді?
8. Мемлекеттің кепілгер функциясын орындау себептерін атаңыз.
9. Мемлекеттік кредитті басқаруға болады ма?
10. Мемлекеттік кредит функциясын жүзеге асырудағы Қаржы министрлігінің рөлі қандай?